

Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2011 жылғы 24 тамыздағы № 43/308 және Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 26 тамыздағы № 523 "Жаңаөзен қаласының көшелері мен құрамдас бөліктеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы" шешімі мен қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 07 шілдедегі № 681 қаулысы және Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2015 жылғы 08 шілдедегі № 39/318 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 04 тамызда № 2794 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 5)- тармақшасына сәйкес және Маңғыстау облыстық әділет департаментінің 2015 жылғы 01 ақпандығы № 10-11-289 ақпараттық хаты негізінде, Жаңаөзен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Жаңаөзен қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2011 жылғы 24 тамыздағы № 43/308 және Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 26 тамыздағы № 523 "Жаңаөзен қаласының көшелері мен құрамдас бөліктеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы" шешімі мен қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11-2 -174 болып тіркелген, 2011 жылғы 12 қазандағы "Жаңаөзен" газетінің № 41 санында жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешім мен қаулының кіріспе бөлімі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 5)- тармақшасына сәйкес, Жаңаөзен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Жаңаөзен қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:";**

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Осы шешім мен қаулының орындалуын бақылау Жаңаөзен қалалық мәслихатының әлеуметтік-экономикалық даму, бюджет, құрылыш, өнеркәсіп, тұрғын үй және коммуналдық шаруашылығы, көлік және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (комиссия төрағасы Ф. Байжанов) және қала әкімінің орынбасары С.Қалдығұлға жүктелсін".

2. Осы шешім мен қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат
хатшысы*

C.Мыңбай

Қала әкімі

C.Трумов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК